



ҚР-сының аумағында уақытша әкелудің (әкетудің) режиміндегі тауарлады кедендей бақылау мен ресімдеудің ережелерінің қолданылуын енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстана Республикасы Мемлекеттік Кеден комитеті 1997 жылғы 3 сәуірдегі N 78-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 мамырда тіркелді. Тіркеу N 300. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

Облыстық кеден басқармалары

мен кедендердің бастықтарына

Уақытша әкелудің (әкетудің) режиміндегі тауарларды кедендей бақылау мен ресімдеуді ұйымдастыру және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 64-70 баптарын орындау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Сауда-Өнеркәсіп палатасымен келісілген, Қазақстан Республикасында уақытша әкелудің (әкетудің) режиміндегі тауарларды кедендей бақылау мен ресімдеудің ережелері бекітілсін және 1997 жылдың \_\_\_\_\_ бастап күшіне енгізілсін.
2. Мемлекеттік Кеден комитетінің баспасөз қызметі осы Ережелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын қамтамасыз етсін.
3. Облыстық кеден басқармалары мен кедендердің бастықтарына кедендей ресімдеу залдарын көрнекі ақпарат материалдарымен қамтамасыз етсін.
4. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік Кеден комитетінің  
бүйрығымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасы  
Сауда-Өнеркәсіп палатасының  
Төрағасы

---

1997 ж. 23 наурызда

Келісілген

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша  
әкелудің (әкетудің) режиміндегі тауарларды  
кедендік бақылау мен ресімдеудің  
**ЕРЕЖЕЛЕРИ**

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 64-70 баптарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 P960342\_ "Тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимін қолданудың кейбір мәселелері туралы" қаулысының негізінде кеден баждары мен салықтарын төлеуден толық немесе ішінара босату арқылы және экономикалық саясат қолданылмай-ақ уақытша әкелудің (әкетудің) режиміндегі тауарларды және Қазақстан Республикасының кеден аумағында және одан тысқары жерлерде пайдалануға арналған тауарларды кедендік бақылау мен

ресімдеуді ұйымдастыру мақсатында жасалып отыр.

Осы Ережелер айырым белгілері көрсетіліп, сипатталған жағдайда адамдардың Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы уақытша әкелудің (әкетудің) режимінде өткізетін тауарлары мен көлік құралдарын мемлекеттік кедендік бақылаудан өткізу дің тәртібін реттейді.

Осы Ережелерде Қазақстан Республикасы Президентінің Зан қүші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 18-бабына сәйкес ұғымдар пайдаланылады.

## 2. Кедендік ресімдеу

Адамдардың уақытша әкелудің (әкетудің) режимінде өткізетін әкелетін (әкететін) тауарлары Кедендік жүк декларациясын толтыру туралы нұсқауға сәйкес Қазақстан Республикасы кеден органдарының декларациялауына (айырым белгілері көрсетіліп) жатады. Бұл ретте кедендік декларация Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген тауарды қайта әкету немесе Қазақстан Республикасынан уақытша әкетілген тауарды қайта әкелу жөніндегі бір мезгілдегі міндеттемесі болып табылады.

Тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімдерін жергілікті жерлердегі кеден органдары екі жылдан асырмай белгілейді. Осы Ережелердің 1-қосымшасында келтірілген жағдайларда тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімі бір жылды құрайды.

Осы Ережелердің 2-қосымшасында аталған тауарлар уақытша әкелудің (әкетудің) кедендік режимімен орналастыруға жатпайды. Мұндай тауарларды Өзге кедендік режиммен ресімдеуге жатады.

Қалыпты тасымалдау мен сақтау шарттарымен табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан болған өзгерістерді қоспағанда тауарлар өзгермеген күйде қайта әкелуге (әкетуге) жатады.

Шетелдік қатысушылардың Халықаралық және ұлттық (әмбебап, мамандандырылған) көрмелерге және сауда-саттық көрмелеріне, жәрменкелерге уақытша әкелудің (әкетудің) режимінде әкелетін немесе әкететін тауарларын кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Сауда-Өнеркәсіп палатасымен көрме өткізу жөнінде келіскең ұйымдастырушылар <\*> жүзеге асырады.

<\*> Ескерту: Көрмені ұйымдастырушылар - кеден зандарында

көзделген тауарлармен әрекет жасау үшін Қазақстан

Республикасының зандарына сәйкес жеткілікті

дәрежеде өздерінің атынан жұмыс істейтіндер.

Көрме экспонаттарын әкелу (әкету) кезінде КЖД-ның 37-бағанында негізгі кеден режимі, оның алдындағы кеден режимі мен Қазақстан Республикасы Кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу процедурасын жіктеу бойынша (мәселен, код 20- көрме)

- тауарларды өткізу ерекшелігі (код - 31) көрсетіледі. Өз тауарларын сатуды жүзеге асыратын, халықаралық сауда-саттық көрмелеріне қатысушылар не көрме экспонаттарын сатуды жүзеге асыратын көрмеге қатысушылар тауарларды белгіленген тәртіпке сәйкес еркін айналымға шығарудың режимімен ресімдейді.

Шекті мерзімдер өткенге дейін уақытша әкелінген (әкетілген) тауарлар өзге кеден режиміне (экспорт режиміне, еркін айналымға шығару режиміне ж.т.б.) мәлімденуі тиіс не уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасына тауарларды уақытша әкелуге (әкетуге) рұқсат берген кеден органы оның Қазақстан Республикасынан тысқары нақты әкетілуіне (әкелінуіне) бақылау жасайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының кеден шекарасына уақытша әкелудің режимімен әкелінген тауарларды нақты әкету экспорт режиміндегі тауарларды кедендік бақылаудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уақытша әкелінген (әкетілген) тауарды иемдену құқығын бір адамнан басқа берген жағдайда кеден органдарына оны беруге рұқсат ететін жазбаша хабарлауға сәйкес оны әкелусіз-ақ (әкетусіз-ақ) қайта ресімдеуге рұқсат етіледі. Бұл ретте кеден органдарында тауарды қайта ресімдеу уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімінің өтуін үзбейді және кідіртпейді.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы уақытша әкелудің (әкетудің) кедендік режиміне сәйкес өткізілетін тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімдерінің кез келген күнде ұзартылуы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кеден комитеті жүзеге асырады. Көрсетілген мерзімдерді ұзарту (құжаттармен расталған өндірістік, инвестициялық) және уақытша әкелудің (әкетудің) мақсаттары мен жағдаяттары ескеріліп, белгіленген тәртіппен алынған, Қазақстан Республикасындағы қызметінің мерзімін ұзартуға рұқсаттың қолданылу мерзімі назарға алынып, ықтиярлы нысанда жасалынған адамның жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

Шет ел өкілдігінің Қазақстан Республикасы кеден шекарасында тіркеу туралы қуәлікте көзделмеген қызметпен (мәселен, коммерциялық) айналысадынығы жөніндегі факті анықталған кезде уақытша әкелудің мерзімі ұзартылмайды және тауарлар өзге кеден режиміне мәлімденуі не уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы тиіс.

Тауарларды уақытша әкелген (әкеткен) адам КР Мемлекеттік Кеден комитетіне тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімі өткенге дейінгі 30 күннен кешіктірмей мерзімді ұзарту жөнінде ықтиярлы нысанда

өтініш беруі керек.

Өтінішпен бір мезгілде тұлға:

а) белгіленген нысандағы бастапқы әкелуді ресімдеген кеден органының қалыпты тасымалдау мен сақтау шарттарымен табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан болған өзгерістерді қоспағанда тауардың өзгермеген күйі туралы қорытындысын (осы Ережелердің 4-қосымшасы) ұсынуы қажет. Тауардың өзгермеген күйінде өтініште осы өзгеріске әсер еткен себеп көрсетілуі керек. Қорытынды кеден органының орындалған күн көрсетіліп, шығатын нөмірі бар жағдайда жарамды болып саналады;

б) кеден органы куәлендірген кедендік жұқ декларацияларының көшірмелерін және мәлімделінген уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимімен бірге оған қосылатын құжаттарды, оның ішінде, КЖД 33-бағанында тауардың коды анықталмаса, спецификацияларды, инвойстарды ж.т.б; жеке тұлғалардың автомотоқұралдарына - АС/6 декларациясының және кеден органының Қазақстан Республикасы ПМ МАИ органдарында тіркеуге - жеке тұлғага рұқсатының көшірмелерін;

в) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде нотариальды түрде тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін ұсынуы қажет.

Қажет кезінде РК Мемлекеттік Кеден комитеті қосымша құжаттар мен мәліметтерді (келісім-шарттарды, ж.т.б.) сұратып ала алады.

Республиканың кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімін ұзарту кезінде кеден органына 40-топта бұрынғы кедендік жұқ декларациясының нөмірлері міндettі түрде көрсетіліп, жаңа кедендік жұқ декларациясы беріледі.

Кеден ережелерін бұзғаны туралы іс қозғалған жағдайда уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімін ұзарту туралы өтініш КР Мемлекеттік кеден комитетіне кеден ережелерін бұзғаны туралы хаттама көшірмесін бере отырып, кеден ережелерін бұзғаны туралы іс қаралған соңғана қаралады.

### 3. Кеден төлемдерін есептеу мен алушың тәртібі

Осы Ережелердің 1-қосымшасында келтірілген тізбе бойынша тауарларды уақытша әкелу (әкету) кезінде кеден баждары мен салықтарын төлеуден толық босату қолданылады. Бұл ретте көрсетілген тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімі бір жылды құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Зан күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 68-бабына сәйкес өзге тауарларға (о.і. жеке тұлғалардың автомотоқұралдарына) қатысты, сондай-ақ осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген тауарларды уақытша

әкелудің (әкетудің) шекті мерзімін ұзарту жағдайларында салықтардан толық босату және кеден баждарын төлеуден ішінара босату қолданылады.

Кеден баждарын төлеуден ішінара босату кезінде әр күнтізбелік толық және толық емес айға тауарлардың еркін айналымға шығарылғандығындей (бұдан әрі - жүйелі кеден баждары) төленуге тиісті боларлық жағдайдағы кеден баждарының сомаларының 3 (үш) процент төленеді.

Көрсетілген сомаларды есептеу кезінде уақытша әкелудің (әкетудің) мәлімделінген режиміндегі кедендік декларация қабылданған күнге қолданылған кеден баждарының ставкалары пайдаланылады.

Жүйелі кеден баждарының есептелінген ставкалары алдын ала төленеді. Осы баждарды төлеудің нақты мерзімдерін уақытша әкелуге (әкетуге) рұқсат берген кеден органы белгілейді.

Жүйелі кеден баждарының сомалары кеден баждарын төлеу үшін белгіленген тәртіпке қатысты төленеді. Жүйелі кеден баждарының есебін жүргізу мен республикалық бюджетке аудару баждардың түрлері бойынша - импорттық кеден бажы - 106101 кодымен, экспорттық кеден бажы - 106102 кодымен жүргізіледі.

Уақытша әкелуге (әкетуге) рұқсат берген кеден органы жүйелі кеден баждарының сомаларының нақты түсінен бақылау жасайды.

Жүйелі кеден баждарының төленген сомалары тауарларды қайта әкету кезінде не оларды өзге кеден режиміне, оның ішінде экспорттық кеден режиміне (уақытша әкелінген тауарлар) мәлімдегендеге уақытша әкелінген тауарларды еркін айналымға шығарудың кеден режиміне одан әрі мәлімдеген жағдайды қоспағанда қайтарылмайды. Бұл ретте жүйелі кеден баждарының төленген сомалары тауарларды көрсетілген кеден режимімен орналастыруға байланысты төленуге жататын кеден баждарының сомаларына есептеледі және уақытша әкелудің (әкетудің) мәлімделінген режиміндегі кедендік декларация қабылданған күнге дейін қолданылған кеден баждарының ставкалары мен шет ел валютасының бағамы қолданылады, ал кедендік құн тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимімен орналастырған күнге дейін қолданылған ставкалар бойынша айқындалады.

Тауарлардың уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимінде болған кезіндегі кеден баждарын төлеуді кейінге қалдыру не бөліп төлеуді нақты пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми проценттік ставкасы бойынша проценттер алынады.

Проценттерді есептеу мен алу кеден баждарын төлеу жөнінде төлеуді кейінге қалдыруды (бөліп төлеуді) ұсыну бойынша қалыпты құжаттарда белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Төленуге жататын жүйелі кеден баждарының сомаларын есептеу кедендік

жүк декларациясының бақылау данасының сыртқы бетінде жүргізіледі. Бұл ретте осы сомалардың төленгенін раставтың құжат (N мен күні) міндепті түрде көрсетіледі, жазуды кеден органының кеден төлемдері белімінің лауазымды адамы куәлендіреді. Кедендік жүк декларациясының сыртқы беті толтырып, жүйелі кеден баждарын есептеудің улгілері осы Ережелердің З-қосымшасында келтірілген.

Жүйелі кеден баждарын төлеу үшін тауарларды өткізетін тұлға жауап береді.

Кеден төлемдерін төлеуден босату түрінде тарифтік женілдіктерді пайдаланатын тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі (әкетуі) жағдайында осындай женілдіктердің қолданылу мерзімі кезеңіне кеден төлемдерін төлеуден ішінара босату тарифтік женілдіктер қолданылғандықтан пайдаланылмайды.

#### 4. Кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 282-бабында көзделген кеден ережелерінің бұзылғаны анықталған жағдайда кеден ережелерінің бұзылғаны туралы хаттама уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімінің сақталуына жауапты экспорт-импорт операцияларына бақылау жасайтын белім бастығы рапортының негізінде кеден органының бастығының атына тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімдері өткеннен кейінгі келесі күні жасалынады.

Кеден ережелерін бұзғаны туралы іс төмендегідей белгіленген ережелер орындалмаған кезде қозғалады:

а) бұрын әкетілген (әкелінген) тауарлар мен көлік құралдарын әкету міндепті болса, қылмыс белгілері жоқ болса, оларды Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары әкетпеу не бұрын әкетілген тауарлар мен көлік құралдарын қайтару міндепті болса, оларды Қазақстан Республикасы кеден аумағына белгіленген мерзімде қайтармау;

б) Қазақстан Республикасы кеден органына қылмыс белгілері жоқ болса, қайта әкетуді немесе әкелуді не тауарлар мен көлік құралдарының аварияның не тежеусіз күш әрекеттерінің, табиғи тозудың немесе кемудің не шет ел мемлекеті лауазымды адамдарының занға қайшы әрекеттеріне байланысты иеліктен шығудың салдарынан жойылу немесе жоғалу себептері бойынша мүмкін болмайтындығын раставу ретінде жарамсыз құжаттарды, заңсыз жолмен алынған құжаттарды не басқа тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды ұсыну.

Кеден ережелерін бұзғаны туралы істі қозғаған не қылмыстық іс қозғалған жағдайда уақытша әкелудің (әкетудің) мерзімін ұзарту жөнінде шешім ҚР

МКК-не қылмыстық істі қозғау туралы хаттаманың көшірмесі не қаулысы ұсынылып, анықтама жүргізу (алдын ала тергеу) нәтижелерінен соң қаралады.

Тауарларды уақытша әкеткен немесе әкелген және оларды белгіленген мерзімде қайтармаған тұлға аварияның не тежеусіз күш әрекеттерінің салдарынан тауарлардың жойылуының немесе мулде жоғалып кетуінің немесе табиғи тозудың салдарынан жетіспеуінің немесе қалыпты тасымалдау мен сақтау кезінде кемуінің не Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес шет ел мемлекеті органдарының немесе лауазымды адамдарының заңға қайшы әрекеттеріне байланысты иеліктен шығуының фактісін Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемелері растиған, ал Қазақстан Республикасының кеден аумағына уақытша әкелінген тауарлар Қазақстан Республикасының сауда-Өнеркәсіп палатасының актісімен (куәлігімен) растиған Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемелері растиған жағдайда ғана Қазақстан Республикасы кеден органдары алдында жауап бермейді.

ҚР аумағында уақытша

әкелудің (әкетудің)  
режиміндегі тауарларды  
кедендік ресімдеудің  
ережелеріне  
N 1 қосымша

Уақытша әкелінетін (әкетілетін), кеден баждары  
мен салықтарын төлеуден босатылатын тауарлар  
мен көлік құралдарының  
ТІЗБЕСІ

1. Көлік құралдарымен бірге әкелінетін (әкетілетін) немесе уақытша әкелінген (әкетілген) көлік құралдарын жөндеуге арналған контейнерлерді, қосалқы бөлшектер мен басқа да көлік құралдарын қоса халықаралық жүк пен жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын құралдарын уақытша әкелу (

әкету).

2. Тауарларды өнеркәсіптік өндіру, тауарларды тасымалдау, табиғат қорларын пайдалану, ғимараттарды, құрылыштар мен құрылғыларды салу, жөндеу мен ұстau, тауарларды орау, жер қазу жұмыстары үшін қолданылатын жабдықтар және осыған ұқсас басқа да жабдықтарды қоспағанда кәсіби жабдықтармен шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғалардың әкелетін (әкететін) және олардың Қазақстан Республикасы аумағында нақты жұмысты орындаудың қажетті аспаптарын (қосалқы құралдарды, керек-жарақтар мен материалдарды қоса) уақытша әкелу (әкету).

3. Көрмелерде, байқауларда, съездерде, симпозиумдарда, семинарларда, халықаралық кездесулерде және осыған ұқсас басқа да шараларда (әкелінген (әкетілген) тауарларды сату мақсатында өткізілетін, өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметті жүзеге асыратын жерлердегі көрмелерді қоспағанда) көрсету үшін тауарларды уақытша әкелу (әкету).

Тауарларды көрсету кезінде не халықаралық кездесулердің, конференциялар мен конгрестердің барысында пайдалануға арналған қосалқы құралдар мен материалдарды уақытша әкелу (әкету).

4. Ғылыми-зерттеу мен оқыту мақсатында қосалқы құралдар мен материалдарды, сондай-ақ шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын және оларды қолдану табыс табуға арналмаған жағдайда құрал-жабдықтар, материалдар, қосалқы бөлшектер мен аспаптарды жөндеуге, баптауға және бақылауға арналған осындай жоғарыда аталғандарды уақытша әкелу (әкету).

5. Шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) теңіз кемелері экипаждарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын (яғни мәдениет, білім, тынығу, дін мен спорт саласында) жақсарту үшін материалдар шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын және оларды қолдану табыс табуға арналмаған жағдайда оларды уақытша әкелу (әкету).

6. Табиғи апаттардың, аварияның және катастрофалардың салдарын жою үшін мемлекеттік органдар мен мекемелердің уақытша пайдалануына тегін берілетін тауарларды уақытша әкелу (әкету).

7. Контеинерлерді (контейнермен бірге әкелінетін (әкетіледін) және онымен бірге, жеке немесе басқа контейнермен бірге қайтарылатын не жеке әкелінетін (әкетіледін) және контейнермен бірге қайтарылатын осы контейнер үшін қажетті керек-жарақтар мен жабдықтарды қоса), сондай-ақ уақытша әкелінген (әкетілген) контейнерлерді жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді уақытша әкелу (әкету).

8. Поддондарды уақытша әкелу (әкету).

9. Өзге де көп айналымды ыдыс пен орау заттарын уақытша әкелу (әкету).

10. Егер үлгілер шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде

қалатын және тек қана осындай түрдегі тауарларға тапсырыстар алуға арналған жағдайда оларды уақытша әкелу (әкету). Оларды қолдану табыс табуға арналмаған, ал ұксас үлгілердің саны екі данадан аспайды.

11. Жарнамалық материалдар (катологтар, прейскуранттар мен коммерциялық проспектілер) бір данада бір ғана алушыға әкелінетін (әкетілетін) болса, не олардың жалпы салмағы бір килограмнан аспаса, шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның осындай материалдарды уақытша әкелуі (әкетуі).

12. Жарнамалық фильмдер шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын болса, шетелдік (әкету кезінде қазақстандық) тұлғаның ұсынатындары шетелдік (әкету кезінде қазақстандық) тұлғаларға жататын болса, аталған жарнамалық фильмдер бір данада әкелінетін (әкетілетін) және табыс табуға арналмаған жағдайда мүмкін боларлық сатып алушыларға көрсету үшін ғана жарамды болса, тауарлардың қасиеттері мен жұмсалу бағыттарын ашып көрсететін осындай фильмдерді уақытша әкелу (әкету).

13. Сынауларды, тексерулерді, тәжірибелерді жүргізу мен қасиеттері мен сипаттамаларын көрсету үшін тауарлар табыс табуға арналмаған болса, оларды уақытша әкелу (әкету).

14. Деректерді автоматикалық өндеу кезінде пайдалану үшін тегін берілетін цифрлық ақпарат тасығыштарды уақытша әкелу (әкету).

15. Емдеу және басқа да медициналық үйымдар мен мекемелердің диагностикалық, хирургиялық немесе терапевтикалық мақсаттарда пайдалануына арналған және шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын медициналық, хирургиялық немесе лабораториялық құрал-жабдықтарды уақытша әкелу (әкету).

16. Қазақстан Республикасы аумағындағы (әкету кезінде - одан тысқары жерлерде) спорт жарыстарына, жүрт алдында көрсетілетін спорт шараларына немесе жаттығуларға арналған тауарлар шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын жағдайда осындай тауарларды уақытша әкелу (әкету).

17. Жаттықтыруға, оқытуға, өсіруге, ветеринарлық емдеуге, туризм, азықтандыруға, сынақтарды, құтқару операцияларын жүргізуге, арнайы функцияларды жүзеге асыруға, көрмелерге, байқауларға, жарыстарға, шерулерге, спектакльдерге, қойылымдарға және оларға ұксас басқа да шараларға қатысуға, сондай-ақ медициналық мақсаттарда және жұмыс малы ретінде (тиісті құрал-жабдықтармен бірге) Қазақстан Республикасының кеден шекарасына жақын жердегі жолақта пайдалануға арналған жануарлар шетелдік (әкету - қазақстандық) тұлғаның меншігінде қалатын жағдайда осындай жануарларды уақытша әкелу (әкету).

18. Қойылымдарды, спектакльдер мен оларға ұқсас басқа да шараларды

жүргізуге арналған театр (цирк) костюмдерін, сахна құрал-жабдықтары мен басқа да театр (цирк) керек-жараптарын уақытша әкелу (әкету).

19. Кино және бейнефильмдер, диапозитивтер, фотосуреттер мен басқа да материалдарды қолдану табыс табуға арналмаған жағдайда фото және кинобайқауларда және оларға ұқсас басқа да шараларда оларды көрсету үшін бейнелеу тіркеле отырып, оларды уақытша әкелу (әкету).

ҚР аумағында уақытша  
әкелудің (әкетудің)  
режиміндегі тауарларды  
кедендей ресімдеудің  
ережелеріне  
N 2 қосымша

Козғалтқышының көлемі 2000 текше см, кедендей құны 20000 АҚШ доллары, 2 жыл мерзіміне әкелінген (кеден бажы ставкасы - 2% бірақ қозғалтқышының көлемінің әр 1 текше см-інен кемінде 0,1 ЭКЮ) автомобильді (СЭҚ ТН коды бойынша - 870323110) уақытша әкелу кезіндегі КЖД-ның сыртқы бетін толтырудың үлгісі, декларация ресімдеуге 1996 жылдың 02.12-де қабылданды:

\* Шартты түрде есептелінген кеден баждарының сомасы - АҚШ-тың 400\$;

\* Жүйелі кеден баждарының сомасы - АҚШ-тың 12\$ \_\_\_\_\_

Ақы төлеу 1996 ж. 02,12-ден 1997 ж. 01,06-ға дейінгі кезең үшін 12\$ x 7 - 84\$ x 75 теңге - 6300 теңге сомасында жүргізілді.

Қолы \_\_\_\_\_  
жеке нөмірлік мөр

ҚР аумағында уақытша  
әкелудің (әкетудің)  
режиміндегі тауарларды  
кедендей ресімдеудің  
ережелеріне  
N 3 қосымша

Уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимімен

орналастыруына жол берілмейтін тауарлардың санаттарының  
ТІЗБЕСІ

1. Жұмсалатын материалдар мен үлгілер.
2. Жарнамалық немесе көрсету мақсатында аздаған данада уақытша әкелінетін (әкетілетін) жағдайларды қоспағанда алкоголь, темекі бұйымдарын қоса, азық-түлік өнімдері, сусындар.
3. Әкетуге арналған квоталанатын тауарлар.
4. Өнеркәсіптік қалдықтар.

ҚР аумағында уақытша  
әкелудің (әкетудің)  
режиміндегі тауарларды  
кеденде ресімдеудің  
ережелеріне  
N 4 қосымша

Кеден органының тауардың нақты күйі туралы  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

өтініш берушінің атауы

N/N \_\_\_\_\_ КЖД бойынша

1. Кеден ережелерін бұзғаны туралы іс бойынша шығарылған қаулының мазмұны : \_\_\_\_\_

шығарылған жағдайда көрсетіледі

2. Ұзартуды ҚР Орталық кеден органы жүзеге асырады:

кужаттың күні мен жөнелтілген нөмірі

3. Кеден органының қорытындысы: \_\_\_\_\_

Жеке нөмірлік жай мөртаңбамен куәлендірілген инспектордың қолы: \_\_\_\_\_

Кеден органының мөрімен куәлендірілген кеден органы лауазымды адамының қолы: \_\_\_\_\_

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК